«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ бойынша

# ӨКІМ

Қарағанды қ. № 22/1 12 ақпан 2024ж.

**2023 – 2024 оқу жылында бакалавриатта корытынды аттестаттау туралы**

Күндізгі, ТжКБ базасында күндізгі және жоғары білім базасында күндізгі оқу нысандарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды уақтылы дайындау және ұйымдастыру мақсатында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР ҒЖБМ 20.07.22ж. №2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне (ҚР БҒМ 30.10.18ж. №595 бұйрығы), Кредиттік оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне (ҚР БҒМ 20.04.11ж. №152 бұйрығы), Академиялық саясат туралы қағидаға (26.12.18ж. №5 хаттама) сәйкес 2023 – 2024 оқу жылында:

1. Барлық оқу нысандарындағы студенттер үшін қорытынды аттестаттаудың басталуы **2024 жылғы 13 мамыр** деп есептелсін.

2. Күндізгі, ТжКБ базасында күндізгі және жоғары білім базасында күндізгі оқыту түрлері бойынша АК жұмысы **2024 жылғы 27 мамырдан бастап 2024 жылғы 29 маусымға дейін** жүзеге асырылады.

3. Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушы Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың атына өтініш жазады және **2024 жылғы 01 сәуірге дейінгі мерзімде** (диплом алдындағы практика басталғанға дейін) тиісті растайтын құжатты ұсынады.

Білім беру бағдарламасы (ББ) бойынша кешенді емтихан пәндердің оқу бағдарламалары негізінде ЖОО әзірлеген бағдарлама бойынша өткізіледі.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді, еңбек нарығының талаптарын көрсетеді және **2024 жылғы 29 наурызға дейінгі мерзімде** ЖОО академиялық кеңесінің шешімімен бекітіледі.

4. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары диплом алдындағы практикаға арналған бұйрықта көрсетілген бекітілген тақырыпқа толық сәйкес келуі тиіс.

Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбын болмашы (нақтылайтын) түзетуге **2024 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде** жол беріледі.

5. **2024 жылғы 13 мамырға дейінгі мерзімде** декандардың ұсынысы негізінде Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрығы шығарылады. Қорытынды

аттестаттауға МЖМБС, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының (syllabus) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламасын толық меңгерген білім алушылар жіберіледі.

6. Білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының және оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаған оқу бітіру курсының білім алушысы Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен деканның ұсынысы негізінде **2024 жылғы 01 шілдеден бастап** ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылады.

7. АК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспауға тиіс.

8. Апелляцияны жүргізу үшін **2024 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде** ЖОО-ның Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының бұйрығымен біліктілігі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

9. **ТК басшысы А.Т. Дюсекееваға**:

9.1 **2024 жылғы 20 мамырға дейінгі мерзімде** факультет декандары ұсынған құжаттарға сәйкес «Univer-2.0» АЖ базасына түлектер бойынша енгізілген деректерге салыстыру жүргізу (*06.12.2023 ж. №104 Өкім*).

9.2 «Univer-2.0» АЖ базасына қорытынды аттестаттау бағаларын, қорғау хаттамаларының күні мен нөмірін енгізуді қамтамасыз ету.

9.3 **2024 жылғы 29 маусымға дейінгі мерзімде** факультет декандарына 2024 жылғы түлектердің дипломдарына қосымшалар ұсыну.

9.4 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау нәтижелері туралы есепті Академиялық мәселелер жөніндегі проректорға күн сайын ұсыну міндеттелсін.

10. **Факультет декандарына**:

10.1 **2024 жылғы 30 наурызға дейінгі мерзімде** білім алушымен бірлесіп оқу жұмыс жоспарының орындалуын салыстырып тексеруді, транскрипттегі пәндер бойынша қойылған бағалардың болуы мен сәйкестігін, «Univer-2.0» АЖ базасында үш тілде атау және барыс септіктерінде тегін, атын және әкесінің атын толтыру дұрыстығын тексеру міндеттелсін.

10.2 **2024 жылғы 05 сәуірге дейінгі мерзімде** білім алушылардың диплом жобаларын, жеке куәліктерінің көшірмелерін, транскриптерін үш тілде Тіркеуші кеңсесінің бөліміне беруді қамтамасыз етсін. Транскриптің барлық парақтарында міндетті түрде «Тексерілді» деген белгі жазылады және түлек, сондай-ақ факультет деканы қол қояды.

10.3 «Univer-2.0» АЖ базасында деректер келіспеушілігі туындаған жағдайда түзету туралы шешімді құрамында: Комиссия төрағасы – Басқарма Мүшесінің уақытша м.а. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, п.ғ.к. Г.Е. Самашова; комиссия мүшелері: АМД директоры, п.ғ.к. С.М. Ударцева, тиісті факультет декандары болатын комиссия қабылдайды.

Жүргізілген салыстырып тексеру негізінде растайтын құжаттардың көшірмелерімен келіспеушілік хаттамасы ТБ бөліміне беріледі.

10.4 **2024 жылғы 13 мамырға дейінгі мерзімде** қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрық құрастырылсын.

10.5 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) дайындау барысын апта сайын бақылауды қамтамасыз ету.

10.6 **2024 жылғы 03 мамырға дейінгі мерзімде** күндізгі, ТжКБ базасында күндізгі және жоғары білім базасында күндізгі оқу нысандары бойынша дипломдық жұмыстарды/жобаларды қорғаушылардың – әлеуетті үздік оқушылардың (үздік дипломдар) санын нақтылау және оларды атын-жөндерін АМД хабарлау.

11. **Шығарушы кафедралардың меңгерушілеріне міндеттелсін**:

11.1 **2024 жылғы 29 наурызға дейінгі мерзімде** қоса беріліп отырған кесте бойынша 2023 – 2024 оқу жылына күндізгі, ТжКБ базасында күндізгі және жоғары білім базасында күндізгі оқу түрлерінің оқу бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстары (жобалары) тақырыптарының, ғылыми жетекшілерінің тізімін электрондық және қағаз жеткізгіштерде тапсыру:

| р/к № | Студенттің аты-жөні | Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы | Жетекшінің аты-жөні |
|---|---|---|---|
| **Тобы, күндізгі оқу түрі** | | | |
| 1 | | | |
| **Тобы, ТжКБ базасында күндізгі оқу түрі** | | | |
| 1 | | | |
| | **Тобы, ТжКБ (ҚОФ) базасында күндізгі оқу түрі** | | |
| 1 | | | |
| **Тобы, жоғары білім базасында күндізгі оқу түрі** | | | |
| 1 | | | |

11.2 **2024 жылғы 01 сәуірге дейінгі мерзімде** Тіркеуші кеңсесінің бөліміне «Диплом беру туралы» бекітілген бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарының ағылшын тіліндегі тізбесін қағаз және электрондық жеткізгіштерде беруді қамтамасыз ету.

11.3 Өңірдің дамуын және өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ұйымдардың сұраныстарын ескере отырып, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбын жыл сайын жаңартуды қамтамасыз ету. КУ кәсіпорындары мен ұйымдарының сұранысы бойынша дипломдық жұмыстардың (жобалардың) кемінде 22% жоспарлау.

11.4 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) орындалу барысына дербес жауапты болу және апта сайын бақылауды жүзеге асыру.

11.5 Қорытынды аттестаттауды, Аттестаттау комиссиясы мүшелері жұмысының және оқу бітіру жұмыстарын қорғауды жүргізу шараларының ашықтығы үшін қорғауға *дипломдық жұмыстардың (жобалардың) жетекшілерінің*, кәсіпорындар мен ұйымдар, оның ішінде Корпоративтік Университет өкілдерінің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету қажет.

11.6 Факультет деканына апта сайын дипломдық жұмыстарды (жобаларды) жазу және ресімдеу бойынша жоспарланған жұмыс көлемінің уақтылы орындалмағаны туралы хабарлау.

11.7 Апта сайынғы «Диплом алушы күні» белгіленсін және **2024 жылғы 17 сәуірге дейінгі мерзімде** АМД-да дипломдық жұмыстардың (жобалардың) әрбір жетекшісі мен бөлімдері бойынша консультациялар кестесін ұсыну.

11.8 **2024 жылғы 08 мамырға дейінгі мерзімде** қорытынды аттестаттауды өткізу үшін кабинеттерді жабдықтау және оларды қажетті аспаптармен, техникалық және әдістемелік құжаттамамен жабдықтау.

11.9 **2024 жылғы 17 сәуірге дейінгі мерзімде** АМД-да АК төрағаларымен келісілген және Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау/кешенді емтихандарды тапсыру кестесін беру.

Кестелерде дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау/кешенді емтихандарды тапсыру күнін, уақытын, корпусын және аудитория нөмірін көрсету қажет.

11.10 АК жұмысы кезеңінде диплом қорғауды біркелкі бөлу қамтамасыз ету.

11.11 Тапсырысы бойынша тиісті дипломдық жұмыстар (жобалар) орындалған кәсіпорындар мен ұйымдарға (кемінде 18%), сондай-ақ Корпоративтік Университет кәсіпорындарына АК-ның міндетті көшпелі отырыстары қарастырылсын.

11.12 Кафедра отырыстарында, кафедра отырыстарының хаттамаларында көрсетіле отырып, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) орындалу барысын үнемі талқылауды жүргізу.

11.13 **2024 жылғы 29 маусымға дейінгі мерзімде** студенттік бөлімге АК төрағаларының, АК-ның сырт мүшелерінің және рецензенттердің жұмысына ақы төлеу құжаттары ұсынылсын.

11.14 **2024 жылғы 06 шілдеге дейінгі мерзімде** ОПҮБ-ға қорытынды аттестаттауды жүргізу жөніндегі кафедра есебінің бір данасы және АК төрағасының есебі (Қосымша) ұсынылсын.

12. **СБ басшысы Г.К. Дугановаға міндеттелсін:**

12.1 Түлектің дипломына және дипломына қосымшаға шығарылатын ақпарат бойынша білім алушылардың дерекқорын салыстыруды және қажет болған жағдайда түзетуді қамтамасыз ету: «Аты-жөні» (куәландырушы құжатқа сәйкес), «Туған күні», «Білімі туралы алдыңғы құжат» (жыл, құжат нөмірі, берілген күні), «Оқуға түсу сынақтары» (құжаттың жылы, нөмірі, берілген күні), ЖЖкБҰ көрсете отырып оқуға түскен жылы, ЖЖкБҰ көрсете отырып бітірген жылы, білім беру бағдарламасының атауы (*06.12.2023ж. №104 Өкім*).

12.2 «Univer-2.0» АЖ базасына үш тілде атау және барыс септіктерінде түлектің тегін, атын және әкесінің атын енгізуді қамтамасыз ету (*06.12.2023ж. №104 Өкім*).

12.3 Бакалавриат түлектерінің білімі туралы құжаттарда күн сайын сериялар мен нөмірлер генерациялауды жүргізу (*24.01.2024ж. №35 бұйрық*).

13. Өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басқарма мүшесінің уақытша м.а. –**
**Академиялық мәселелер жөніндегі**
**Проректор** **Г. Самашова**

*Қосымша*

**АК төрағасының есебін құрастыру**
**жоспары**

АК Төрағасының есебі 1 – 6-кестеден және түсіндірме жазбадан тұрады.

АК төрағасының есебінің түсіндірме жазбасында:

1) жоғары оқу орнында осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау деңгейі;

2) дипломдық жұмыстарды (жобаларды), оның ішінде кәсіпорындардың, ұйымдардың тапсырысы бойынша орындалған дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау сапасы;

3) дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбы мен мазмұнының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндіріс сұраныстарына сәйкестігі;

4) осы ББ бойынша кадрларды даярлау сапасын талдау;

5) жоғары оқу орнында мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар беріледі.

**1-кесте**

**______________жылғы**
**Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау немесе кешенді емтихандар тапсыру нәтижелері**

**оқу түрі** ______________________________
**ББ** ______________________________
**ЖОО атауы** ______________________________

| Қорытынды аттестаттау нысаны | Қорытынды аттестаттауға жібірелгендер саны | Тапсырғандар саны | Олардың ішінде тапсырды: | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Үздік | Жақсы | Қанағаттанарлық | Қанағаттанарлықсыз | Орташа балл | Келмеу | Сапа, % | Тапсырғандардың үлгерімдік, % |
| Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау | | | | | | | | | | |
| ББ бойынша кешенді емтихан 1 | | | | | | | | | | |
| ББ бойынша кешенді емтихан 2 | | | | | | | | | | |
| **Барлығы** | | | | | | | | | | |

**2-кесте**

| ББ атауы | Аты-жөні | ДЖ (ДЖ) қорғау бағасы | Цифрлық эквивалент | КЕ 1 тапсыру бағасы | Цифрлық эквивалент | КЕ 2 тапсыру бағасы | Цифрлық эквивалент |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

3-кесте

**Күндізгі, ТжКБ базасында қысқартылған күндізгі, екінші жоғары білім беру базасында жеделдетілген күндізгі оқу түрлері бойынша мамандар даярлаудың сапалық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау**

| Көрсеткіштер | Күндізгі | ТжКБ | ЕЖ | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Сапа % | | | | |
| Үлгерімділік % | | | | |
| Үздік диплом алғандар | | | | |

4-кесте

**Салыстармалы шығару талдауы**

| Көрсеткіштер | Алдыңғы кезең | Есептік кезең |
|---|---|---|
| Сапа % | | |
| Үлгерімділік % | | |
| Орташа балл | | |

5-кесте

| Кафедра | ББ шифры және атауы | Оқу бітіру жұмыстарының жалпы саны | Олардың ішінде | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ұйымның тапсырысы бойынша | | Ғылыми тақырып бойынша |
| | | | Барлығы | Оның ішінде КУ бойынша | |
| | | | | | |

6-кесте

**Жоғары білім бағдарламасын аяқтаған түлектер тізімі**

| № | Аты-жөні (толық ) | Диплом № |
|---|---|---|
| 1 | Айтбаева Айзат Рахатовна | BD № 00017767487 |
| 2 | | |